

Балабақшаның материалдық-техникалық базасын жаңарту

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жұлдыз- ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мектеп жасына дейінгі балалармен білім беру үдерісін қамтамасыз ету үшін қажеттіліктермен жабдықталған:

1. Негізгі білім беру бағдарламасына сәйкес балаларды дамытудың барлық бағыттарын іске асыруға арналған анықтамалық және әдістемелік әдебиеттер:

- педагогикалық әдістер мен технологиялар;

- мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуге арналған оқу-әдістемелік жинақтықтар мен оқу-көрнекі құралдар

2. Суреттер, сәндік-қолданбалы өнер туындылары;

3. Аудиокассета, СД-дискілер

4. Электрондық білім беру ресурстары.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жұлдыз- ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша ақпараттық-әдістемелік база қалыптастырылды, білім беру бағдарламасын іске асыру үшін балабақшада жаңартылған білім беру ресурстарын, оның ішінде шығын материалдарын пайдалану, электрондық ресурстарды өзектендіруге жазылу, оқыту және тәрбиелеу құралдарының, спорттық, музыкалық, сауықтыру жабдықтарының қызметін техникалық және мультимедиялық сүйемелдеу, байланыс қызметтерін, оның ішінде Интернеттің ақпараттық-телекоммуникациялық желісін пайдалану көзделген.

2021-2024 жылдар аралығында бюджет есебінен материалдық базаны нығайту мақсатында төмендегі құралдар сатып алынды: геометриялық модульдер «Сказочный замок», гимнастикалық қабырға, сюжетті-рольдік ойындарға арналған көлік модульері, мультимедиялық экран, балаларға арналған шкафтар, орындықтар, керуеттер,

Балабақшада қажетті техникалық және ақпараттық-коммуникативтік оқыту құралдары бар: компьютерлер, принтер, музыкалық орталық, проектор, экран.

Балабақшаның материалдық-техникалық базасын дамыту және заттық дамытушы ортаны жетілдіру, жүйелі түрде байыту, жаңарту және жақсарту бойынша жұмыс бірлескен ата- аналар мен педагогтардың, әкімшіліктің, бюджеттен тыс қаражат күшімен жүргізілуде.

Бюджеттен тыс : атап айтсақ, «Ауылым-алтын бесігім» акция аясында топтарға сюжеттік - рөлдік ойынға арналған «Дәрігер», «Шаштараз» бұрышы, музыкалық ұнтаспа, сенсорлы үйшік, киіз үй макеті, ойыншықтар сыйлады.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-
балабақшасы МҚКК-ның менгерушісі:

А.К. Ажигулова